• Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

• Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

• ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

• «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық);

• Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

• Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);

• «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 28 тамыздағы № 98/2020 бұйрығы;

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

• «Мамандандырылған музыка мектеп – интернаты» КММ жұмыс оқу жоспары мектептің жарғысы, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 73,74,75,76,77,78 қосымшаларына сәйкес құрастырылған.

Мектептің оқу үрдісін ұйымдастыру үшін төмендегідей құжаттар басшылыққа алынды:

• «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

• «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР Білім және ғылым министрінің 28.08.2020 №374

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына сәйкес өзгерістер енгізілді);

- Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу жоспарларын және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерін таңдау курстарын бекіту туралы» Республика Білім министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы; (бұр. ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттарға сәйкес құрастырылған:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы оқу - ағарту министрінің 2023 жылғы тамыздағы № бұйрығы;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022 №376 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы

Оқу жылдарындағы сабақ кестелері мектеп басшысымен бекітілген. Оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді

2021-2022 оқу жылының сабақ кестесі

Сабақ кестесін жасауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдары және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығы (2020 жылғы 28 тамызында өзгеріс енгізілген № ҚР ДСМ -98/2020), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы №340 бұйрығы негізге алына отырып жасалынды. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқау хаты, сонымен бірге «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдары негізге алынды.. Сабақ кестесі мектеп директоры, ата-аналар комитетімен келісе отырып бекітілді.

2022-2023 оқу жылының сабақ кестесі

1-11 сыныптардың сабақ кестесін жасауда білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрық), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 31 тамыздағы №444 бұйрығына қосымша 2022-2023 оқу жылындағы оқу «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында дәстүрлі (штаттық) оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдары, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, мектептің жұмыстық оқу жоспары басшылыққа алынды.

Мектептің сабақ кестесі барлық сыныптарға арналған мектептің жұмыстық оқу жоспарына, МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жасалды. Сабақ кестесі мектеп директоры, ата-аналар комитетімен келісе отырып бекітілді.

Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып жасалынды. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет болды. (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ -76 бұйрығы).

Сабақ кестесін жасауда ұстаздардың оқу жүктемесі, сыныптар саны мен сыныптардың толымдылығы, сынып жетекшілер туралы мәліметтер, оқу процесі өтетін сынып бөлмелерінің саны мен олардың сыйымдылығы туралы мәліметтер негізге алынды.

2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі

Сыныптардың сабақ кестесін жасауда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы», ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, мектептің жұмыстық оқу жоспары басшылыққа алынып жасалынды.

Мектептің сабақ кестесі барлық сыныптарға арналған Мектептің жұмыстық оқу жоспарына сәйкес МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жасалады. Сабақ кестесі мектеп директоры, қамқоршылық кеңесімен келісе отырып бекітілді.

Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып

жасалынды. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесі қолданылды. (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ -76 бұйрығы).

Сабақ кестесін жасауда ұстаздардың оқу жүктемесі, сыныптар саны мен сыныптардың толымдылығы, сынып жетекшілер туралы мәліметтер, оқу процессі өтетін сынып бөлмелерінің саны мен олардың сыйымдылығы туралы мәліметтер негізге алынды.

Сілтеме Сабақ кестесі

21-22

<https://drive.google.com/file/d/11C4zd2rhzUyfVYMrCjrYFuLhQeAyK0xX/view?usp=sharing>

22-23

<https://drive.google.com/file/d/11C4zd2rhzUyfVYMrCjrYFuLhQeAyK0xX/view?usp=sharing>

23-24

<https://drive.google.com/file/d/12GF7cjznC3LWQLgO9TcWyB4Tvlvon-9g/view?usp=sharing>

2. жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды. Оқу пәндерінің базалық мазмұны игеріліп төмендегі білім сапаны көрсетті. Мектепте білім беру бағдарламалары білім берудің мақсаттары. Нәтижелері мен мазмұнын, оқу-тәрбие процестерін ұйымдастыруды, оларды жүзеге асырудың әдістері мен, оқыту нәтижелерін бағалау критерилерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай жиынтығына сәйкес енгізілді. Білім берудегі барлық деңгейіндегі бағдарламалар бізді спиральдық сипатқа ие және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар арқылы оқу материалдарын байыту стратегиясына негізделген.

2022 жылдың 23 қыркүйектегі №2 кезектен тыс педагогикалық кеңестің қаулысына сәйкес ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығын басшылыққа ала отырып өзгеріске ұшыраған пәндердің пән мұғалімдері күнтізбелік тақырыптық жоспарды үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын өзгертіп қайта бекітілді.

Өзгеріске түскен пәндердің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары бекітіліп, 2022 жылғы 16 қыркүйектегі

№399 бұйрықпен бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес оқу пәндерінің базалық мазмұны 2022 жылдың 03 қазаннан жүзеге асырылып, игерілуде.

2022 жылдың 07 қазандағы №3 кезектен тыс педагогикалық кеңестің қаулысына сәйкес ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығын басшылыққа ала отырып ҰОЖ өзгеріске ұшыраған пәндер химия, биология, физика пәндерінен 10-11 сыныптарда 1 сағат қосылуына байланысты пән мұғалімдері күнтізбелік тақырыптық жоспарды өзгертіп қайта бекітілді.

Оқу пәндерінің базалық мазмұны игеріліп төмендегі білім сапаны көрсетті.

2021-2022 оқу жылы бойынша білім сапасы мен үлгерімі

№	Сынып	Оқушы саны	Үздік	Екпінді	Бір сабақтан «3»	Үлгермеуші	Білім сапасы	Үлгерімі
1	2 «А»	16	4	7	0	0	69%	100%
2	2 «Б»	13	7	6	0	0	100%	100%
2 сыныптар		29	11	13	0	0	83%	100%
3	3 «А»	18	6	7	2	0	72%	100%

4	3 «Б»	16	6	8	0	0	87.5%	100%
3 сыныптар		34	12	15	2	0	79.4%	100%
5	4 «А»	23	5	11	0	0	69.5%	100%
6	4 «Б»	14	4	6	1	0	71.4%	100%
4 сыныптар		37	9	17	1	0	70%	100%
7	5 «А»	18	6	7	0	0	72%	100%
8	5 «Б»	15	2	5	3	0	47%	100%
5 сыныптар		33	8	12	3	0	61%	100%
9	6 «А»	21	2	10	4	0	57%	100%
10	6 Б»	20	1	10	2	0	55%	100%
6 сыныптар		41	3	20	6	0	56%	100%
11	7 «А»	20	3	10	1	0	65%	100%
12	7 «Б»	13	2	4	0	0	46%	100%
7 сыныптар		33	5	14	1	0	57.5%	100%
13	8 «А»	25	4	12	2	0	64%	100%
14	8 «Б»	19	1	6	0	0	37%	100%
8 сыныптар		44	5	18	2	0	52%	100%
15	9 «А»	14	4	7	1	0	78.5%	100%
16	9 «Б»	12	0	2	2	0	17%	100%
9 сыныптар		26	4	9	3	0	42%	100%
17	10 «А»	15	3	9	2	0	80%	100%
18	10 «Б»	10	1	3	0	0	30%	100%
10 сыныптар		25	4	12	2	0	64%	100%
19	11 «А»	12	3	7	0	0	83%	100%
20	11 «Б»	5	2	2	0	0	80%	100%
11 сыныптар		17	5	9	0	0	82%	100%
21	12 «А»	19	3	11	4	0	74%	100%
22	12 «Б»	11	3	7	0	0	91%	100%
12 сыныптар		30	6	18	4	0	80%	100%
1-12 сынып		349	72	157	24	0	66%	100%

2022 - 2023 оқу жылы бойынша білім сапасы мен үлгерімі

№	Сынып	Оқушы саны	Үздік	Екпінді	Бір сабақтан «3»	Үлгермеуші	Білім сапасы	Үлгерімі
1	2 «А»	18	5	7	2	0	66%	100%
2	2 «Б»	20	6	10	1	0	80%	100%
2 сыныптар		38	11	17	3	0	74%	83%
3	3 «А»	18	4	6	0	0	55%	100%
4	3 «Б»	12	6	4	0	0	83%	100%
3 сыныптар		30	10	10	0	0	67%	79.4%
5	4 «А»	17	7	5	0	0	70%	100%
6	4 «Б»	17	6	6	1	0	70%	100%
4 сыныптар		34	13	11	1	0	80%	70%
7	5 «А»	18	3	11	4	0	78%	100%
8	5 «Б»	15	3	7	2	0	67%	100%
5 сыныптар		33	6	18	6	0	63%	61%
9	6 «А»	21	2	7	1	0	43%	100%
10	6 Б»	12	2	4	0	0	50%	100%
6 сыныптар		33	4	11	1	0	45%	56%
11	7 «А»	22	5	7	0	0	54%	100%
12	7 «Б»	18	4	4	1	1	44%	100%
7 сыныптар		30	9	11	1	1	67%	57.5%
13	8 «А»	18	4	7	0	0	61%	100%

14	8 «Б»	10	1	4	0	0	50%	100%
8 сыныптар		28	5	11	0	0	57%	52%
15	9 «А»	23	4	12	1	0	69%	100%
16	9 «Б»	18	3	8	1	0	61%	100%
9 сыныптар		41	7	20	2	0	66%	42%
17	10 «А»	12	4	3	0	0	58%	100%
18	10 «Б»	8	0	5	0	0	62%	100%
10 сыныптар		20	4	8	0	0	60%	100%
19	11 «А»	15	4	9	1	0	87%	100%
20	11 «Б»	10	1	4	0	0	50%	100%
11 сыныптар		25	5	13	1	0	72%	100%
21	12 «А»	12	4	7	1	0	92%	100%
22	12 «Б»	5	2	3	0	0	100%	100%
12 сыныптар		17	6	10	1	0	94%	100%
1-12 сыныптар		339	79	135	12	0	64%	100%

Пәндер бойынша білім сапасы мен үлгерімі педагогикалық кеңестерде тоқсан сайын тұрақты қаралып отырды. Мектепте жыл сайын оқу бағдарламасына сәйкес әкімшілік кіріс, аралық, шығыс бақылау жұмыстары және бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі. Мектеп оқушыларының білім сапасы мен үлгеріміне тоқсан сайын мониторинг жүргізіліп отырады.

Мектеп жүйесінің жұмысының нәтижелері оқушылар мен түлектердің білім сапасымен, жетістік деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжым құрамы алдында білім беру ортасының инновациялық потенциалы негізінде сапа көрсеткіштерінің үнемі жақсаруын қамтамасыз ету міндеті тұр. Жылдың соңында үлгерім 100%, білім сапасы 64,0%, үлгермейтін оқушылар жоқ. Оқушылар екі мектепті қатар алып жүргенімен сапа көрсеткіші тұрақты.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу пәндерінің мазмұнының игерілуі (Оқыту сатысы бойынша соңғы екі жылға)

Оқыту сатысы	2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы			Динамика	
	Оқушы саны	% Білім сапасы	% үлгерім	Оқушы саны	% Білім сапасы	% үлгерім	Оқушы саны	% Білім сапасы
1-4 кл.	136	77%	100%	128	71%	100%	-8	- 6 %
5-9 кл.	177	55,3%	100%	175	57,1%	100%	-2	+1,8%
10-12 кл.	72	75%	100%	62	74%	100%	-10	-1%
Барлығы	385	65,6%	100%	365	64,3%	100%	-20	-1,3%

Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу пәндерінің мазмұнының игерілуі (2022-2023 оқу жылы)

Пән	2 сынып			3 сынып			4 сынып			барлығы		
	Барл.	% сапа	% үлгерім	Барл.	% сапа	% үлгерім	Барл.	% сапа	% үлгерім	Барл.	% сапа	% үлгерім
Казахский язык	20	100	95	12	100	93	17	100	94,1	49	100	90
Русский язык	20	100	95	12	100	100	17	100	76,4	49	100	90,4
Литературное чтение	20	100	100	12	100	100	17	100	72	49	100	90,6
Математика	20	100	90	12	100	100	17	100	76,4	49	100	88,8
Познание мира	20	100	100	12	100	95,4	17	100	100	49	100	100

Естествознание	20	100	100	12	100	95,4	17	100	100	49	100	100
Иностранный язык	20	100	95	12	100	83,3	17	100	64,7	49	100	81
Қазақ тілі	18	100	77,8	18	100	66,7	17	100	94,1	49	100	73,6
Орыс тілі	18	100	77,8	18	100	72,2	17	100	88,2	53	100	79,4
Әдебиеттік оқу	18	100	83,3	18	100	66,7	17	100	76,4	53	100	75,4
Математика	18	100	83,3	18	100	95,4	17	100	88,2	53	100	88,9
Дүниетану	18	100	83,3	18	100	72,2	17	100	100	53	100	85,1
Жаратылыстану	18	100	94,4	18	100	95,4	17	100	88,2	53	100	92,3
Шет тілі	18	100	83,3	18	100	55,6	17	100	88,2	53	100	79,4

Пән	5 сынып			6 сынып			7 сынып			8 сынып			9 сынып		
	Барл.	% сапа	% үл.	Барл.	% сапа	% үл.	Барл.	% сапа	% үл.	Барл.	% сапа	% үл.	Барл.	% үл п	% сапа
Казахский язык и литература	14	100	85	12	100	83	18	100	72	10	100	80	18	100	88
Русский язык	14	100	85,7	12	100	58,3	18	100	72,2	10	100	80	18	100	77,8
Русская литература	14	100	100	12	100	83,3	18	100	72,2	10	100	70	18	100	83,3
Математика	14	100	85,7	12	100	58,3									
Алгебра							18	100	61,1	10	100	70	18	100	61,1
Геометрия							18	100	88,9	10	100	60	18	100	66,7
Физика							18	100	72,2	10	100	70	18	100	66,6
Естествознание	14	100	85,7	12	100	91,7									
Биология							18	100	77,8	10	100	70	18	100	72,2
География							18	100	72,2	10	100	60	18	100	77,8
Химия							18	100	77,8	10	100	70	18	100	83,3
Всемирная история	14	100	85,7	12	100	100	18	100	77,8	10	100	91	18	100	80
История Казахстана	14	100	85,7	12	100	100	18	100	77,8	10	100	90	18	100	94,4
Основы права													18	100	100
Информатика	14	100	100	12	100	100	18	100	100	10	100	100	18	100	100
Иностранный язык	14	100	85,7	12	100	66,7	12	100	66,7	10	100	60	18	100	72,2
Қазақ тілі	18	100	94	21	100	95,4	22	100	81,8	18	100	94,4	23	100	82,6
Қазақ әдебиеті	18	100	94,4	21	100	95,2	22	100	91	18	100	94	23	100	82
Орыс тілі мен әдебиеті	18	100	83,3	21	100	57,1	22	100	68,2	18	100	72,2	23	100	82,6
Математика	18	100	94,4	21	100	61,9									
Алгебра							22	100	81,8	18	100	77,8	23	100	91,3
Геометрия							22	100	95,5	18	100	66,7	23	100	87
Физика							22	100	72,7	18	100	77,7	23	100	82,6
Жаратылыстану	18	100	88,9	21	100	62									
Биология							22	100	77,8	18	100	83,3	23	100	87
География							22	100	81,8	18	100	83,3	23	100	95,7
Химия							22	100	86,4	18	100	83,3	23	100	82,6
Дүниежүзі тарихы	18	100	83,3	21	100	81	22	100	68	18	100	72	23	100	83
Қазақстан тарихы	18	100	89	21	100	57,1	22	100	77,3	18	100	77,2	23	100	82,6
Құқық негіздері													23	100	91
Информатика	18	100	100	21	100	100	22	100	100	18	100	100	23	100	100
Шетел тілі	18	100	88,9	21	100	76,2	22	100	86,4	18	100	88,9	23	100	87

Пән	10 сынып			11 сынып			12 сынып			Барлығы (5-12 сын.)		
	Барл.	% сапа	% үлгерім	Барл.	% сапа	% үлгерім	Барл.	% сапа	% үлгерім	Барл.	% сапа	% үлгерім

Казахский язык и литература	8	100	87	10	100	90	5	100	100	95	100	85,9
Русский язык	8	100	100	10	100	80	5	100	100	95	100	85,8
Русская литература	8	100	87,5	10	100	60		100		90	100	79,5
Математика (5-6 кл.)					100			100		26	100	72
Алгебра	8	100	100	10	100	70		100		64	100	72,4
Геометрия	8	100	100	10	100	100		100		64	100	77,1
Физика	8	100	100	10	100	100		100		64	100	80,6
Естествознание					100			100		26	100	88,7
Биология	8	100	62,5	10	100	60		100		64	100	68,5
География	8	100	100	10	100	80		100		64	100	78
Химия	8	100	87,5	10	100	90		100		64	100	81,7
Всемирная история	8	100	100	10	100	100		100		90	100	90,6
История Казахстана	8	100	100	10	100	100	5	100	100	95	100	93,5
Основы права	8	100	100		100			100		26	100	100
Информатика	8	100	100	10	100	100		100		95	100	100
Иностранный язык	8	100	75	10	100	100	5	100	100	144		77,8
Қазақ тілі	12	100	91,6	15	100	100	12	100	100	141	100	92,5
Қазақ әдебиеті	12	100	75	15	100	100		100		129	100	90,3
Орыс тілі мен әдебиеті	12	100	66,7	15	100	80	12	100	100	141	100	76,3
Математика (5-6 кл.)					100			100		39	100	78,2
Алгебра	12	100	83,3	15	100	100		100		90	100	86,8
Геометрия	12	100	83	15	100	100		100		90	100	86,5
Физика	12	100	91,6	15	100	100		100		104	100	71,1
Жаратылыстану					100			100		39	100	75,4
Биология	12	100	91,7	15	100	93,3		100		90	100	86,5
География	12	100	100	15	100	100		100		90	100	92,2
Химия	12	100	91,7	15	100	100		100		90	100	88,8
Дүниежүзі тарихы	12	100	67	15	100	93		100		129	100	78,2
Қазақстан тарихы	12	100	66,7	15	100	86,7	12	100	91,7	141	100	78
Құқық негіздері	12	100	100		100			100		35	100	95,5
Информатика	12	100	100	15	100	100		100		129	100	100
Шетел тілі	12	100	100	15	100	100	12	100	100	194	100	85,6

Негізгі пәндер бойынша білім сапасына салыстырмалы талдау (%)

Орыс тілі бойынша сапа талдауы

Оқыту кезеңдері	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамика
2–4 сынып	80 %	90 %	+10
5–9 сынып	68 %	75 %	+7
10–12 сынып	83 %	90 %	+7
Жиыны	76 %	83 %	+7

Қазақ тілі бойынша сапа талдауы

Оқыту кезеңдері	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамика
2–4 сынып	91%	93%	+1%
5–9 сынып	100%	94%	+19%
10–12 сынып	100%	92%	+15%
Жиыны	91%	93%	+1%

Математика бойынша сапа талдауы

Оқыту кезеңдері	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамика
-----------------	--------------------	--------------------	----------

2–4 сынып	86,2 %	88,3 %	+2,1
5–9 сынып	66,3 %	74,2 %	+5,1
10–12 сынып	65 %	85 %	+20
Жиыны	78,2 %	82,5 %	+10

Ағылшын тілі бойынша сапа талдауы

Оқыту кезеңдері	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамика
2–4 сынып	85,9 %	77,5 %	-8,4
5–9 сынып	80,7 %	79,4 %	-1,3
10–12 сынып	96,5 %	93,1 %	-3,4
Жиыны	87,3 %	83,5 %	-3,8

Барлық пәндер бойынша оқу бағдарламасы толық меңгерілген. Өтілмеген сабақ жоқ, барлығы оқу жоспарына сай толық меңгерілген. Мереке күніне түскен сабақтар біріктірілген. Пәндер бойынша тоқсандық қорытындыда 3-ке шыққан, үлгерімі төмен оқитын оқушылармен үнемі пән мұғалімдері жұмыс жасап отырады. Сыныптарда тоқсандық қорытындылар бойынша бірлестік жиналысы өткізіліп, сынып оқушыларының білім сапасына талдау жасалады.

3. Тәрбие

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Тәрбие жоспары, мектепшілік бақылау жоспары

21-22

https://drive.google.com/file/d/19qUtHIQieQRtzipI5_t64STATzVWHhos/view?usp=sharing

<https://drive.google.com/file/d/1MKfkl5-kONxMWV6AVjw9zmQjDfK2NvuN/view?usp=sharing>

22-23

<https://drive.google.com/file/d/1SeJfID6EahtjF6cVQDigCmkxQRR0pxU5/view?usp=sharing>

https://drive.google.com/file/d/13Dc_bltqDAZ3_33aUiDumfDGSC4AuYJ/view?usp=sharing

23-24

https://drive.google.com/file/d/1rFU4w6-_W0qskyISKNSxuaqX8wNNkh-l/view?usp=sharing

https://drive.google.com/file/d/1PVvevg5jKrJ_yBNH2LgCPH6DmUpnoRv8/view?usp=sharing

"Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат" КММ – нің тәрбие жүйесі-өзін-өзі реттейтін және басқарылатын күрделі психологиялық-әлеуметтік-педагогикалық білім. Бұл үнемі дамып келе жатқан ашық жүйе.

Тиімді тәрбие қызметінің маңызды шарты мектептің тәрбие жұмысының жұмыс істеуі мен дамуының нормативтік-құқықтық базасының болуы болып табылады. Модернизация жағдайында мектептің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға мыналар жатады:

-ҚР "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Заңы;

- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;

- 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" ҚР Кодексі;
- 2002 жылғы 8 тамыздағы "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" ҚР Заңы;
- 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI "балалардың құқықтары мен олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпаратты қорғау туралы" ҚР Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 2022 жылғы 3 тамыздағы білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;
- "2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хат
- ҚР Еңбек кодексіне 01.05.2023 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.;
- ҚР Азаматтық Кодексі (07.03.2023 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен);
- 30.08.2021 жылғы санитарлық-эпидемиологиялық нормативтер;
- БҰҰ-ның 1989 жылғы 20 қарашадағы "Бала құқықтары туралы" Конвенциясы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №415 бұйрығымен бекітілген "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайында Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері.
- "Төрт тоқсан-төрттен өнер" ұлттық мәдени-ағарту жобасының тұжырымдамасы, сәуір 2023 жыл

2021-2023 оқу жылында оқушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болды. ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыру жоспары басшылыққа алынды. Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілді.

Мектепте білім алушылардың таным мәселелерін шешеуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған жұмыстар 2021-2024 оқу жылдарына арналған мектепшілік тәрбие жұмысының жоспарына сай жүйелі түрде өткізілуде. 2021-2024 оқу жылдарына ҚР БҒМ Жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілген. Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Тұлғаға бағдарланған жалпы адамзаттық құндылықтарды шығармашылық, ынтымақтастық үрдісі барысында дамыту және салауатты өмір салтын ұстанатын, бойында ұлтжандылық қасиеті бар тұлғаны тәрбиелеу». Тәрбие жұмысының мақсаты: Оқушының шығармашылық қабілетін ашуға қолайлы жағдай жасай отырып, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының мақсаты: жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу

Міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- 2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
- 3) Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;

- 4) еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптасытру;
- 5) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу; мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;
- 6) психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;
- 7) тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды; экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану;
- 8) бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру; сондай-ақ, денешынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- 9) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

«Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» КММ-де «Құндылықтар негізінде мектеп» бағдарламасы және тәрбиенің кешенді тұжырымдамасы негізінде мектептің тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалды. Жыл басында әр айды құндылықтарға бөлініп, тәрбие сағаттарының тақырыптары бекітілді.

Әр айға құндылықтар таңдалды:

Қыркүйек	Ынтымақтастық
Қазан	Сүйіспеншілік
Қараша	Кемелдену
Желтоқсан	Отансүйгіштік
Қаңтар	Адалдық
Ақпан	Жауапкершілік
Наурыз	Қанағат
Сәуір	Тазалық
Мамыр	Ұлттық құндылықтар

Тәрбие жұмысында сегіз бағытқа негізделген барлық іс-шаралар жүзеге асты. Оқушылардың барлығы мектептің дәстүрлі іс-шараларына қатысты, бірақ мектеп өміріндегі оқушылардың белсенділіктері жоғары. Бұл сынып жетекшілерінің жұмысы мен ұйымшылдық, балаларды жандыру, әр баланы іс-әрекетке қатыстыра білудің арқасы. Осы орайда «Мамандандырылған музыка-мектеп-интернаты» сынып жетекшілерге арналған *«Адами капиталды дамытудағы мұғалім шеберлігінің маңыздылығы»* атты семинар ұйымдастырылды. Семинар жас мамандарға тек адамзаттық құндылықтарға үйреніп қана қоймай, сонымен қатар әр баланың бойындағы бейімділігін, кәсіби икемділігін, табиғи мүмкіндіктерін ашып, сүйіспеншілік пен шәкіртіне үлкен сеніммен қарауға үлкен мүмкіндік болды. Тәрбие жұмысына қатысты сұрақтар бойынша мұғалімдер мен сынып жетекшілердің жиналыстары, психологиялық-педагогикалық семинарлар, тренингтер өткізілді. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер, практикалық жаттығулар мен рөлдік ойындар, диспуттар мен пікірталастар, танымал тұлғалармен кездесулер сияқты жұмыстың интерактивті әдістері мен формалары қолданылды.

Жыл басында сыныптың әлеуметтік портреті құрастырылады, сол бойынша мектептің әлеуметтік паспорты шығады, онда отбасылардың категориялары мен құрамы, ата-аналардың білім деңгейі, балалардың бос уақытын ұйымдастыруын байқауға болады. Әлеуметтік паспорт мектептегі әлеуметтік жағдайды талдауға және бағалауға арналған ақпаратты қамтиды.

Қазақстандық ұлтжандылық, азаматтық, құқықтық тәрбие беру бағыты Отансүйгіштік құндылығы бойынша жүзеге асырылды. 1-қыркүйекте жыл сайын тақырыптық «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық». Алғашқы қоңырау салтанатты іс-шарасымен басталды. Салтанатты жиыннан кейін әр сыныпта білім сабағы өткізілді. Әр дүйсенбі сайын оқу сабақтары басталар алдында оқушылар сапқа түзелу жиынында, оқушылар мен мектеп мұғалімдері ҚР гимнін орындайды. Барлық салтанатты, ресми іс-шараларда ҚР Мемлекеттік Гимні орындалады. Барлық іс-шаралар азаматтық өзін-өзі тануды, оң қарым-қатынастар мен құндылықтарды қалыптастыруда ҚР Мемлекеттік рәміздерінің мәнін игеру бойынша мақсатты жүйелі іс-шаралар өтті.

Жас ұрпақ бойына отаншылдық, елжандылық қасиеттерін сіңіру және Қазақстан Республикасының рәміздерін насихаттау барысында апталықтар, түрлі мерекелік іс-шаралар

өткізілді. Оқушыларымыздың бойында туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тұғырым!», «*Тәуелсіз елдің ұрпағымыз*» атты салтанатты жиын, ал 1-12 сыныптарда «Отанымның тарихы» тақырыбындағы тәрбие сағаттары өткізілді. Бастауыш сыныптарда "Отан оттан да ыстық" шығармалар сайысы, мәнерлеп оқу және патриоттық әндер сайысы өткізілді. Оқушылар осы шаралар арқылы ел Тәуелсіздігінің маңыздылығын тереңірек ұғып, тарихи оқиғалар мен Қазақстанның әлемдік тарихқа қосқан үлесін түсінді. Тәрбие сағаттары оқушылардың ұлттық тарих пен мәдени мұраға деген терең құрметін қалыптастырды. Оқушылар арасында қауіпсіз қарым-қатынас орнату бойынша мектеп ұжымы арасында бірлескен жүйелі жұмысы жолға қойылған. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша бірнеше жұмыстар атқарылды. Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесулер өткізілді. Ұлы Жеңіс күніне орай "Ер мен жердің жеңісі" тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Онда елі үшін ерлік көрсеткен батырларымызды ұлықтау, үлгі тұту, құрметтеу құндылықтарын бойларына сіңіруге бағытталған жұмыстар іске асырылды. Республика күніне арналған "Жасай бер –Қазақ елі" сынып сағаттары арқылы балаларға елдің өркендеуіндегі ұлттық құндылықтардың сақталуы, ұлттық кодтың ролі түсіндірілді. Жыл сайын Қазақстан Республикасы тілдер күніне арналған апталық ұйымдастырылды. Аталған апталық аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдері бірлестіктері Қазақстан Республикасында тұратын барша халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға және дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене ат салысты. 2022-2023 оқу жылында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай қазақ тілі бірлестігі «Ахмет-ұлттың ұлы ұстазы» атты танымдық сағатын өткізді.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Ұлы даланың-ұлтаралық тілі» онкүндік шаралары ұйымдастырылды.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жүргізілген іс-шаралар «Сүйіспеншілік» құндылығына негізделді. Негізгі міндеті - адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, сүйіспеншілік сезімін ояту. Қарттар күніне орай жыл сайын «Қартарым –асыл қазынам» акциясы өткізілді. Мектеп ардагерлеріне, ата-аналарға құрмет көрсетіліп, концерт ұйымдастырылды. Оқушылар қарттарға құрмет көрсету, ризашылық білдіру арқылы адамгершілік, сүйіспеншілік құндылықтарын бойларына сіңірді. 1-Наурыз Алғыс күніне арналған «Алғыс айтамын» акциясы барлық сыныптарды қамтыды. Ашық хат жасап, сурет салып мұғалімдер мен жұмысшыларға табыстау оқушыларымыздың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда маңызды болды. «Сүйіспеншілік ағашы» акциясында оқушылар, мектебіне, ата-аналарына, сыныптастарына, ұстаздарына деген сүйіспеншіліктерін, алғыстарын білдіріп, жақсы лебіздерін жазды.

Ұлттық тәрбие. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі жыл сайын салтанатты түрде аталып өтіледі. Кең ауқымда өткізілген шараның мақсаты ұлттық дәстүріміз бойынша өткізілетін Наурыз мейрамының ерекшелігін, табиғат пен адамның байланысын, салт-дәстүрін, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру, елімізді мекендеген ұлттар татулығын дәріптеу болатын. Наурыз мерекесі қарсаңында 2-3-сыныптар арасында «Мың бір мақал» сайысы ұйымдастырылды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу және насихаттау үшін 3-сыныптар ұлттық нақыштағы киімдерден фоточеллендж жасаса, 5-6 сыныптар «Ұлттық киім кию» челленджін ұйымдастырылып, соңынан репортаж түсіріп, әлеуметтік желіге жариялады. Сондай-ақ қазақ хадқының ұлттық жәдігерлерінен көрме ұйымдастырылып, ұмыт болып бара жатқан дәстүрімізді жандандырдық. 2-сыныптар Астана қаласындағы Ұлттық мұражайға барып, жәдігерлерді өз көздерімен көріп қайтты. Хакім Абайдың философиясына негізделген «Бес нәрсеге асық бол» құндылықтар сағаты өткізілді. Ұлттық ойындарды және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 1- сыныптарда ұлттық ойындардан жарыс өтті. Жарыс соңында бес асық, асық ату, теңге алу бойынша жеңіске жеткен командалар диплом, сыйлықтармен марапатталды.

Отбасы тәрбиесі ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру. Отбасы тәрбиесі бағыты «Ынтымақтастық» құндылығы арқылы жүзеге асырылды. Ата аналар сыныптарда өтетін тәрбие сағаттарына қатысып, үнемі мектеппен байланыс жасайды. Әкелер күніне арналған «Brain Rain» интеллектуалдық ойыны мен ата-аналар арасындағы волейболдан дәстүрлі спартакиадалардың ұйымдастырылуы ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты

нығайтуға айтарлықтай ықпал етті. Бос уақытты тиімді пайдалану мақсатында ата-аналар балаларымен бірге театрлар және тағы да басқа мәдени орындарға барып, көрмелер тамашалады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ата-аналармен бірлесе отырып «Оқу сағаты» ұйымдастырылады. «Оқу сағаттарының» кітап оқу мәдениетін қалыптастыруда маңызы зор.

Педконсилиум форматында өткізілген жиналыстарда ата-аналар пән мұғалімдерімен кездесіп, балаларының қабілеттерін, жетістіктерін және осал тұстары болса біле отырып, оларды жою жұмыстарына байланысты алға жоспар жасайды. Жыл бойы ата-аналармен тығыз жұмыс жүргізілді, ата-аналар жиналысы, педконсилиум, жеке кеңестер беру, тимбилдинг, тренингтер ұйымдастырылады. Психологиялық-педагогикалық білім беру, мектеп әкімшілігімен, сынып жетекшілерімен, психологпен кеңестер беру жүзеге асырылды. Мектеп өміріне белсене араласқан ата-аналар жыл соңында мектеп әкімшілігінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие берудің міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту, адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру. Еңбек құндылығын дәріптеу мақсатында «Еңбек, еңбекпен бәрін де жеңбек» атты тәрбие сағаты мен «Үнем-қоғам қауаты» жобасы өткізілді. Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Эко-квест» қалдықтарды бөлек жинау челленджі мен сенбілік ұйымдастырып, оқушылар мектеп ауласын тазалады. Жаз айларында «Жасыл ел» бағдарламасы аясында оқушыларды көгалдандыру жұмысына шақыру мақсатында үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың еңбекке деген икемділігін қалыптастыру мақсатында мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары атқарылып, гүл көшеттерін отырғыздық. Жатақханада оқушылар «Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» экожобасында қалдықтарды сұрыптау, олардан жаңа заттар жасау жұмыстарына белсене қатысты. 3-сынып оқушылары мектептің тазалық жұмыстарын жасайтын апайларға көмектесулері еңбекқорлық, ұқыптылық дағдыларының жетілуіне ықпал етті. Green Monday» макулатура жинау акциясы, 4,6- сыныптар сынып бөлмелерінде гүлдер өсіріп, оларды суарып баптаулары эстетикалық талғамдарының жетілуіне пайдалы болды. «Жасыл ел-жасыл әлем» жобасына қатысып, мектеп ауласына петунья, роза гүлдерін, жеміс ағаштарын отырғызды.

Зияткерлік тәрбиесі - ақыл тәрбиесі «Кемелдену» құндылықтарымен ұштасқан. Мақсаты әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру. Қыркүйек айында ҚР тілдер мерекесіне арналған онкүндігінде өткен кахут, танымдық ойындар, жарыстар әр ұлттың тілін меңгеру деңгейлерін анықтауға және қызығушылықтарын арттыруға ықпал етті.

Қазан айында мектеп ұжымы мектеп Президентін сайлады. Мектеп парламентінің фракцияларына министрлер сайланып, жылдық жоспар құрылды. Жыл соңында отырыста жылдық жұмыстарына талдау жасалды. "BRAIN storm" интеллектум сайысы 1-4 сыныптар арасында ұйымдастырылды. "Өнегелі өмір" жобасы бойынша кездесу оқушылар түрлі салаларда жетістікке жеткен кәсіби мамандармен тілдесуге арналған пайдалы алаң. Жас дарынды музыка өнерінің балалары кейіпкерлердің өнегелі өмірлері туралы ақпарат ала отырып, тұлғалық қасиеттерін дамытып, табыс пен жетістік жолына бағыт-бағдар алады. Сондай-ақ болашақ мамандық таңдау бойынша сұрақтарға жауап алу мүмкіндік туғызды. "Кітап оқу лидері" байқау 9-12 сынып оқушылары арасында өтті. Әр сыныптан бір оқушыдан қатысты. Қатысушылар сүйікті кітабын ұсыну және оқыған кітап желісі бойынша қойылым қою, викториналық сұрақтарға жауап беру секілді кезеңдерде өз өнерлерін көрсетті. Кітап оқудың маңыздылығын насихаттайтын бейне ролик әзірледі.

Ақпараттық қауіпсіздік тақырыптарындағы тәрбие сағаттары, тренингтер оқушылардың киберқауіпсіздік құрбаны болудың алдын алады.

Ұлттық тәрбие және көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру мақсатында оқушылар арасында құндылықтар негізіндегі тақырыптарда Q Talk өтті. Қараша айында 1-12 сыныптарда «Кемелдену» тақырыбында өзара түсіністік пен жетілуді насихаттайтын тәрбие сабақтары өткізілді.

Эстетикалық тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағытының маңызы: адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру. Эстетикалық тәрбие беру «Тазалық» құндылығы арқылы жүзеге асырылады. Әр сыныпта «Тән тазалығы-сыпайылықтан, жан тазалығы-әсемдіктің белгісі» тәрбие сағаттары өтті. Мектепшілік тақырыптық мерекелер, сыныптан тыс жұмыстар

жоспарға сай жүзеге асты. Қазан айында 8-12 сыныптар арасында «Disney» әлемінде атты күзгі бал кеші өткізілді. Бастауыш сыныптары арасында «Күзгі жеміс, "Шебер қолдар"» жәрмеңкесі өтті. Жыл сайын 8-Наурыз мерекесіне орай дәстүрлі жатақханада «Қыз аруы» сайысы өткізіледі. Қыз балалар әр түрлі бағытта сынға түсіп, үздіктер марапатталды. Аналар мерекесіне арналған концерт ұйымдастырылды. Ай сайын мектеп оқушылары қаламыздағы театрларда қойылымдар тамашалауға барады. Оқушылар әр мерекеге көрме ұйымдастырады. Мақсаты оқушыларды қызықтырып, таныстыру.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесі. Мақсаты: оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тұра алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық, әлеуметтік және рухани байлық туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Тазалық құндылығы айында мектеп дәрігерінің қатысуымен қыз және ұл балаларға арналған жыныстық тәрбие, ұқыптылық тақырыптарында тазалық семинарлары өткізілді. 1-9 сыныптар ата – аналары арасында волейболдан жарыстар өткізілді. Ата аналара арасындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған шаралардың бірі. Мектеп оқушылары арасында баскетболдан, футболдан, үстел теннисінен, шахматтан жарыстар өткізілді. Жеңімпаздар анықталып, диплом, медальмен марапатталды. 1-сынып ата аналары арасында "Көңілді start" отбасылық спорттық ойындар жарысы өткізілді. Салауатты өмір салтын насихаттаумен қатар, ата аналар арасындағы ұйымшылдықты қалыптастыратын жұмыстардың бірі. «Ынтымақтастық» құндылығы айында 4- сыныптар спорттық эстафета ұйымдастырды.

Тәрбие жұмысын қорытындылай келе, жалпы алғанда, ұстаздар қауымы алға қойылған міндеттерді орындағанын атап өту керек. Мектеп мұғалімдері балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін шебер басқарды. Барлық оқу-тәрбие іс-шараларын үйлестіру, олардың педагогикалық мақсатқа сай болуы, қажеттілігі мен жеткіліктілігі, жоспарлар мен іс-әрекеттерді үйлестіру мектептің оқу-тәрбие процесінде оң нәтиже берді, бұл әр түрлі жетістіктер деңгейінен көрінеді.

Мықты жақтары : -Құндылықтарға негізделген білім беруді жүзеге асыру

-Ата-аналармен ынтымақтастық

-Оқушылардың сыныптан тыс ісшараларға белсенділікпен қатысулары

Келесі 2023-2024 оқу жылындағы ұсынылған міндеттер:

-оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне бағытталған , ұлттық құндылықтарға негізделген мазмұнды іс-шараларды көбейту

- тәрбие бағытында жоба бастау

Осыған сәйкес мектепте келесі жобалар іске асырылды:

«Мектептің өзін-өзі басқаруы»

«Дебат» қозғалысы

«Оқуға құштар мектеп»

«Мұғалім- ата-ана – тәрбиеші-оқушы»

«Салт- дәстүр мен әдет-ғұрып»

«Қоғамға қызмет»

«Қайырымдылық – руханият негізі»

«Жатақхана – екінші үйім»

«Салауатты өмір сәні – спорт».

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде ортақ мақсат белгіленіп, орындау уақытымен біріктірілген өзара байланысты тұтас жобалық жүйе пайдаланылды. Әр сынып тәрбиешісі жүзеге асырылатын шаралардың маңыздылығын түсініп, тәрбие беру процесі шеңберіндегі іс-әрекетті талдай білуге тырысты. Тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау кезінде үш деңгейді ескерілді: бірінші деңгей – оқушының әлеуметтенуі және күнделікті өмірде әлеуметтік шынайылықты түсінуі. Екінші деңгей – оқушының өмірлік тәжірибе мен қоғамның негізгі құндылықтарына (адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) оң көзқарасы, жалпы әлеуметтік шынайылықты құндылық ретінде қабылдауы. Үшінші деңгей – оқушының әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесіне өз бетінше ие болуы. Аталған деңгейлерге қойылатын талаптарды ескере отырып, «Мамандандырылған музыка мектеп-интернатында» тәрбие үдерісін жүргізу құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуден басталып, жүйелі жұмыстар ұйымдастырылды. «Мамандандырылған музыка мектеп-интернатында» 1-12 сыныптарда жасы 6-18 аралығындағы оқушылар білім алып, тәрбиеленуде. 2021-2023 оқу

Р/с №	Кәсіп бойынша, кадрларды даярлау бағыты бойынша, даярланатын мамандық біліктілігі бойынша оқу пәні	Атауы, жасалған жылы	Авторлары	Халықаралық, ұлттық дерекқорларға жазылу туралы мәлімет	Сілтемелер
1	Жалпы білім беретін пәндер	23.09.2023	Баспасы «Алматы кітап»	жоқ	www.TopIQ.kz

Биылғы 2023-2024 оқу жылында мектеп «Алматы кітап» баспасымен электронды www.TopIQ.kz қосымшасын пайдалану үшін келісім шарт жасасты және де қазіргі күні оқушыларды тіркеп, осы электронды оқулықтармен жұмыс жасалуда.

Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер

Тәрбие - білім беру қызметінің сапасын арттыру, сондай-ақ педагогтердің өзін-өзі тәрбиелеуін арттыру мақсатында қызметтің барлық түрлері бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттер қоры құрылды, ол жүйелі түрде толықтырылып отырады. Оқу-әдістемелік кешендерге мыналар кіреді: әдістемелік құралдар, бағдарламалардың барлық бөлімдері бойынша методикалық нұсқаулық. Кейбір оқу-әдістемелік жинақтар қағаз және электрондық форматта сақталады. Көркем әдебиеттің кітапхана қорын жинақтау кезінде «мемлекеттік ҚБ кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» ҚР БҒМ 19.01.2016 ж. №44 бұйрығымен бекітілген нормалар сақталады. Оқу қоры ҚР БҒМ 22.05.2020ж № 216 «орта білім беру ұйымдары үшін оқулықтар тізбесін, мектепке дейінгі ұйымдар үшін ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда бекіту туралы» бұйрығына сәйкес оқулықтармен жинақталады. Білім алушылар кітапхана қоры есебінен 100% оқу әдебиетімен қамтамасыз етілген.

Кітапхананың көркемдік қоры «Foliant» (Астана), «Астана-Кітап», «Shugylakitap», «Қасым баспа ұйымы» (Қарағанды) баспаларымен ынтымақтастықтың арқасында толықтырылуда.

Есептік кезеңде сатып алынды:

1. 100000 теңгеге көркем және әдістемелік әдебиет.

- 1717900 теңгеге 5,6,7 және 8-сыныптарға арналған "Express Publishing" ағылшын тіліндегі оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттер.
- Кітапхана үшін оқу-көмекші материал (электрондық оқулықтар) - 285000 тг.:
- Кітапты тіркеу құжаты . №1-2021г.-4416692тг
- Кітапты тіркеу құжаты №1-2022г.- 2303922тг.
- Кітапты тіркеу құжаты №1-2023г.- 15473240тг.

Баспа негізінде заманауи әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету қажеттіліктің 35% құрайды. Мұғалімдер жұмыста әдістемелік өнімнің электронды нұсқаларын қолданады. Кітапханада мұғалімдер мен оқушылардың қажеттіліктері үшін интернет желісіне қосылған АҚ орнатылған.

3) Интернет желісіне қосылған компьютерлердің, (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер:

Жалпы мектепті 93 оқу кабинеттері бар. Оның ішінде 24 – жалпы білім беретін сыныптар кабинеттері, 9- кабинет музыкалық – теориялық пәндер кабинеті, 57 – жеке музыкалық сабақтар дайындығы кабинеті, 2 – информатика кабинеті, 1 – АӘД кабинеті бар. Жеке музыкалық сабақ өткізетін 57 кабинеттен басқа 36 оқу кабинеттерінде компьютерлер орналасқан, барлық оқу компьютерлері интернет желісіне қосылған. 23 оқу кабинеттерінде интерактивті тақталар қосылған.

Барлық оқу және әкімшілік кабинеттерінде компьютерлер Интернет желісіне қосылған. Мектепте білім алушылар мен оқытушыларға 2 интернет нүкте, біреуінің Интернет жылдамдығы 20Мбит/с, екіншісі - 20Мбит/с. Психолог кабинетінде – 1 компьютер, медициналық кабинетте де компьютерлер интернетке қосылған. Кітапханада – 1 компьютер интернет желісіне қосылған.

7. Білім алушылардың білімін бағалау.

1) ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері):

2021-2022 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 28.04.2021 жылғы №189 "Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығы, «Мамандандырылған музыка мектеп - интернаты» КММ «2021- 2022 оқу жылының аяқталуы және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан мерзімдерін бекіту туралы» бұйрықтары негізінде:

Мектеп бойынша оқу жылын аяқтау және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудің төмендегідей мерзімдері белгіленсін:

1-12 сыныптардағы оқу сабақтары 2021 жылдың 25 мамырында аяқталсын;

9-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2021 жылдың 28 мамыр - 5 маусым аралығында, 11-12 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 2021 жылдың 1 – 10 маусым аралығында өткізілсін.

9-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып, қорытынды аттестаттау өткізудің төмендегі мерзімдері бекітілсін :

қазақ тілі/ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан - 2021 жылғы 28 мамыр; математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2021 жылғы 2 маусым;

орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2021 жылғы 5 маусым;

11-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып, қорытынды аттестаттау өткізудің төмендегі мерзімдері бекітілсін:

қазақ тілі/ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан - 2021 жылғы 1 маусым; алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2021 жылғы 4 маусым ;

12-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып, қорытынды аттестаттау өткізудің төмендегі мерзімдері бекітілсін Қазақстан тарихынан тестілеу - 2021 жылғы 7 маусым;

Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша тестілеу - 2021 жылғы 10 маусым.

2021-2022 оқу жылындағы 9 – сынып оқушыларының қорытынды аттестаттаудың нәтижесі

Оқу жылының соңындағы барлық оқушылар саны-26

Қорытынды аттестаттаудан өтті – 26

Екінші жылға қалдырылғаны жоқ

Денсаулығына байланысты аттестаттаудан босатылғаны жоқ

Олардың ішінде: үздіктері -4

Екпінділері - 9

Үлгермеушілері жоқ

Жылдық білім сапасы 50 %

Үлгерімі 100 %

2021-2022 оқу жылындағы 12- сынып оқушыларының қорытынды аттестаттаудың нәтижесі

Оқу жылының соңындағы барлық оқушылар саны-30

Денсаулығына байланысты аттестаттаудан босатылғаны-жоқ

Олардың ішінде: «Үздік аттестатқа» үміткер оқушылар -3

Үздіктері -6

Екпінділері -18

Үлгермеушілері жоқ

Жылдық білім сапасы 80 %

Үлгерімі 100 %

2022-2023 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.04.2022 жылғы № 159 «2022- 2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" білім басқармасының бұйрығына сәйкес, «2022-2023 оқу жылын аяқтау, және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы», «Мамандандырылған музыка мектеп - интернаты» КММ «2021-2022 оқу жылын аяқтау және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» бұйрықтары негізінде:

1. Оқу жылын аяқтау және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудің төмендегідей мерзімдері бекітілсін:

1-12 сыныптардағы оқу сабақтары 2023 жылдың 31 мамырында аяқталсын;

9-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары - 2023 жылдың 28 мамыр - 6 маусым аралығында, 11-12 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары - 2023 жылдың 27 мамыр – 10 маусым аралығында өткізілсін.

9-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып, қорытынды аттестаттау өткізудің төмендегі мерзімдері бекітілсін :

қазақ тілі/ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан - 2023 жылғы 28 мамыр;

математикадан (алгебра) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2023 жылғы 31 мамыр;

қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2023 жылғы 3 маусым;

таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 6 маусым;

11-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып, қорытынды аттестаттау өткізудің төмендегі мерзімдері бекітілсін :

алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 27 мамыр;

қазақ тілі/ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 30 мамыр;

12-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып, қорытынды аттестаттау өткізудің төмендегі мерзімдері бекітілсін

Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2023 жылғы 2 маусым;

орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - 2023 жылғы 7 маусым;

таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 10 маусым;

12 сыныптарда қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша пәндер рейтингі

Пән	2021/2022 оқу жылы		2022/2023 оқу жылы	
	Үлгерімі	Білім сапасы	Үлгерімі	Білім сапасы
Орыс тілі	100%	100%	100%	100%
Орыс тілі мен әдебиеті	100%	100	100%	100%
Қазақ тілі	100%	100%	100%	93%

Қазақ тілі мен әдебиеті	100%	100%	100%	100%
Математика	100%	100%	100%	76%
Қазақстан тарихы	100%	100%	100%	100%
Таңдау пәні				
География	100%	96%	100%	92%
Ағылшын тілі	100%	100%	100%	100%

Қорытынды аттестаттауды талдау

Оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамика
Түлектер	30	17	-13
Білім сапасы %	80 %	94 %	+14
Үздік аттестат	3	1	-2
Алтын белгі	0	2	+2

Хаттамалар сілтеме 2021-20222 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1Cr2ccuRyAtkO6yMq_dhgf7YYROIX_7TY/view?usp=sharing

2022-2023 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1AJE_QimgKAXo45uu6AERDlpq_Uj6lb-V/view?usp=sharing

Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта білімінің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі ережелері» басшылыққа алынған, талаптары орындалған. Қорытынды аттестаттау туралы бұйрықтар шығарылған, хаттамалар талапқа сай толтырылған, емтихан комиссиясы құрылып, емтихан кестесі, кеңестер өткізу кестесі жасалған, мектеп директорының бұйрығымен бекітілген. Хаттамалар мен емтихан материалдары жинақталған. Қорытынды бағалар қойылған.

Оқу бағдарламаларының негізінде күнтізбелік, әр сабақ бойынша жоспарлар құрылып, әдістемелік бірлестіктерде қаралған.

Мектепте негізгі пәндер бойынша жазбаша, бақылау, тәжірибелік, зертханалық жұмыстарды орындау нормалары сақталады.

Оқу жылының қорытындысы бойынша сапаны талдау

	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамика
2-4 сынып			
Оқушы саны	100	102	+2
Оқу озаты саны	32	34	+2
Екпінді саны	45	38	-7
Сапа %	77 %	70 %	-7
5-9 сынып			
Оқушы саны	177	175	-2

Оқу озаты саны	25	30	+5
Екпінді саны	73	70	-3
Сапа %	55 %	57 %	+2
10–11 сынып			
Оқушы саны	72	62	-10
Оқу озаты саны	15	15	0
Екпінді саны	39	31	-8
Сапа %	75 %	74 %	-1
2–12 сынып			
Оқушы саны	349	339	-10
Оқу озаты саны	72	79	+7
Екпінді саны	157	139	-18
Сапа %	66 %	64 %	-2

Үш жылдың ішінде оқушылардың үлгерімін талдай отырып, үш жылдың ішінде үздік және екпінді оқушылардың бала санына сәйкес тұрақты екендігін көруге болады. Оқушылардың үлгері мен білім сапасы тұрақты. «Алтын белгі», «Үздік аттестат» санының көбейгені байқалады. Бұл нәтиже ата-ананың, оқушының, мұғалімнің бірлескен жұмысы қалаған нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бергендігін көрсетті. Білім сапасының нәтижесінде дарынды оқушылармен жұмысты дамыту керек.

Ұлттық Біріңғай тестілеу қорытындысы, оқушылардың ЖОО түсуі.

Оқу жылы	Барлық түлек	ҰБТ қатысқандар	Грант иегерлері
2021-22 оқу жылы	30	26,8 (35)	29 грант, (97%)
2022-23 оқу жылы	17	27 (35)	16 грант, (94%)

Түлектердің тестілеу қорытындысы мен ЖОО түсу кестесін сараптай келе төмендегідей қорытынды жасауға болады.

- Мектеп түлектерінің барлығы шығармашылық емтихандар тапсыруына байланысты екі пәннен тестілеуден өтеді.
- Екі мектеп болғанына қарамастан оқушылар ЖОО түсіп, грант иегерлері атанады. Соңғы жылдары түлектер арасында Ресейге , шет елге оқуға түсушілер жоқ. Барлық түлектер 100% Қазақстанның жоғарғы оқу орындарына түседі.
- Барлық түлектер 100% мектептің бағытына байланысты музыкалық ЖОО түседі.

Мектеп бітірушілердің ҰБТ-ға дайындық жұмысын ұйымдастырудың жылдық жоспары, байқау тестілерін өткізу және қосымша сабақтар кестелері құрылып, бекітіледі.. Әр сынама тестілеу бойынша оқушылардың көрсеткіштері берілген. Пән мұғалімдері тест қорытындысы бойынша есептерін жасап, қорытындылап отырады.

Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау: Критериалды бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың

оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Мектепте оқушылардың білімін бағалауды қадағалауды мектеп үйлестірушісі – мектеп директорының орынбасары іске асырады. Үйлестірушінің міндеттеріне: мектептегі қалыптастырушы және жиынтық бағалауға байланысты барлық үдерістің тиімді енгізілуін қамтамасыз ету, бағалауды іске асыруда мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету, мүмкіндігінше қалыптастырушы және жиынтық бағалау құралдарын дайындауға қатысу кіреді. Мектепте білім алушылардың білімін бағалау 2020-2023 оқу жылдары кезеңдерінде «Білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Пән бойынша бөлімдік және тоқсандық жиынтық бағалау оқу жылының басында бекітілген кесте бойынша өткізіледі. Оқушылардың білімге деген ынтасын арттырудағы қалыптастырушы бағалау білім жүйесіне жүйелі түрде жүргізіледі. Оқу материалын меңгергендігі жөнінде объективті ақпарат алу, білім алушының кемшіліктерін дер кезінде анықтау, мұғалім - оқушы арасында кері байланысы орнатылады. Қалыптастырушы бағалау нәтижелері күн сайын электрондық журналға балл түрінде қойылады. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалауға балл қойылатын білім алушылардың санын мұғалім өзі анықтайды. Қалыптастырушы бағалау үшін ең жоғары балл 2-11 сыныптарда 10 балдан аспайды, бұл ретте 1-3 балл төменгі деңгей критерийлеріне сәйкес келеді, 4-7 балл – орта деңгей, 8-10 балл – жоғары деңгей. Мұғалімдер күн сайын журналда білім алушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуін берілген саралауға сәйкес балл түрінде белгілейді. Қалыптастырушы бағалаудың ұпай түрінде қойылуы мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді және ол тоқсандық бағаны шығаруға да әсер етеді. ТЖБ тапсырмаларының техникалық спецификациясы негізінде тоқсан үшін жиынтық жұмыстың тапсырмалары құрастырылады. Оқу үрдісі барысында БЖБ және ТЖБ өткізу кезінде 2019 жылғы 26 қарашадағы №509 "ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы орындалады. Мұғалімдер ТЖБ тапсырмалардың техникалық спецификациясы негізінде тоқсан үшін жиынтық жұмыстың тапсырмаларын, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийін құрастырады. Жиынтық бағалаудың тиімділігі – оқушы критерийлер арқылы нақты бағаланады, оқушыға кері байланыс ұсынылып, ата-анаға рубрика жазылады. Пән мұғалімдері оқу бағдарламасына сәйкес, әр тоқсанда өткен оқу материалының мазмұны бойынша жиынтық жұмыстардың тапсырмаларын әзірлейді. Барлық жұмыстар кесте бойынша өткізіліп, тоқсандық бағалар шығарылады. Пән мұғалімдері 2021-2022 жылдар аралығында ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6-сәуірдегі №130- бұйрығының 8-қосымшасына, 2021-2022 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына сәйкес жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау жасалды. Критериалды бағалауға қатысты сұрақтар бойынша мектеп үйлестірушілері мұғалімдер үшін мектепшілік оқыту семинарларын ұйымдастырады. Жас мамандарға жоспарды құрастыру бойынша пән бірлестік отырыстарында кеңес беріледі. Әдістемелік бірлестікте және директор жанындығы кеңесте қалыптастырушы бағалауды іске асыру шаралары, тоқсан қорытындылары бойынша туындаған қиыншылықтар, БЖБ, ТЖБ өткізу мәселелері қаралады. 1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

4-9 сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

4 сыныптардың тестілеу қорытындысы

- 9 сыныптағы барлық оқушылар саны – 28;
- Қазақ сыныбы - 1 (18 оқушы);
- Орыс сыныбы -1 (10 оқушы);
- Тестілеуге қатысқан оқушылар саны - 27 учащихся;
- «өте жақсы» жауап бергендер - жоқ;

- «жақсы» жауап бергендер - 11 оқушы - 41%;
- «қанағаттанарлық» жауап бергендер – 9 оқушы - 33 %;
- «қанағаттанарлықсыз» жауап бергендер – 7 оқушы - 26 %;
- Дұрыс жауап бергендердің үлесі - 74% (19 оқушы).

9 сыныптардың тестілеу қорытындысы

- 9 сыныптағы барлық оқушылар саны – 28;
- Қазақ сыныбы - 1 (15 оқушы);
- Орыс сыныбы -1 (13 оқушы);
- Тестілеуге қатысқан оқушылар саны - 25 учащихся;
- «өте жақсы» жауап бергендер - жоқ;
- «жақсы» жауап бергендер - 3 оқушы - 12%;
- «қанағаттанарлық» жауап бергендер – 14 оқушы - 56 %;
- «қанағаттанарлықсыз» жауап бергендер – 8 оқушы - 32 %;
- Дұрыс жауап бергендердің үлесі - 68% (17оқушы).

Бітіруші сыныптардың тесттілеудің қорытындысы

№ п/п	Сынып	Барлық оқушы саны	Тестілеуге қатысқан оқушы саны	"5" алғандар саны	"4" алғандар саны	"3" алғандар саны	"2" алғандар саны	Орташа балл	Қанағаттанарлық баға алғандардың үлесі
1	4 А	18	18	0	7	5	6	15,5	72,2
2	4 Б	10	9	0	4	4	1	17	88,8
3	9 А	15	14	0	1	8	5	26,9	64,2
4	9 Б	13	11	0	2	6	3	30,3	72,7

«Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» ҚР БҒМ №486 бұйрығының 4-тармағына сәйкес білім алушылардың кемінде 40% - ы «қанағаттанарлық» бағадан төмен емес дұрыс жауап берген кезде білім алушылардың даярлық деңгейін бағалау нәтижелері бастауыш, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес деп есептеледі. Мектептің 4 және 9-сынып оқушыларының 71% - ы компьютерлік тестілеу сұрақтарына дұрыс жауап берді. Тестілеуге қатысқан оқушылардың жалпы санының 29% - ы «қанағаттанарлықсыз» жауап берді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеудің төмен нәтижелерін талдау, 4 және 9-сынып оқушылары мен педагогтардың сауалнамасы себептердің 3 түрін анықтауға мүмкіндік береді.

Тест қорытындысына сілтеме

<https://drive.google.com/file/d/1UVVA0dW7-wKgDCDKCdaab9RoGZ6RHn9C/view?usp=sharing>

Ұйымдастырушылық және техникалық себептер	Білім алушылардың жеке қиындықтары	Білім алушылардың танымдық қиындықтары
Мектеп спецификасының музыка бағыты екендігін ескерілмеуі	9-сынып оқушыларының музыкалық конкурстарға	Ойлау дағдыларының қалыптасу деңгейінің


	дайындалуы себепті пәндерді қайталамауы	төмендігі (есте сақтау, зейін, ойлау).
Білім алушылардың ауырып қалу себебінен.	Қобалжудың жоғары деңгейі	Оқу сауаттылығының төмен деңгейі (үздіксіз мәтінмен жұмыс).
Ата-аналар тарапынан әлсіз бақылау.	Тестілеу кезінде өзін нашар сезіну.	Талдау және саралау дағдысының қалыптасу деңгейінің төмендігі
4 сыныптарда өтпеген материалдардың болуы	Тестілеу кезінде тапсырмаларды орындау үшін уақытты дұрыс пайдаланбау.	Өткен тақырыптар бойынша білімдегі олқылықтар
Күрделі тақырыптарды бекітуге сағаттардың жеткіліксіз саны.		

Қорытынды: 4 және 9-сынып оқушыларының нәтижелерін бағалау «жақсы» деңгейге сәйкес келеді, сондықтан мектептің оқушыларының оқу бағдарламаларын игеруге тиісті білім деңгейінің МЖМБС сәйкес келеді.

8.Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы.

Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының мәліметі: ұсынылатын білім беру қызметкеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша қатысушылардың саны 4,9 сынып білім алушылары , ата-аналар және педагогтар қатысты.

Педагогтар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі



Сауалнама 15 сұрақтан тұрады. Қатысушылар саны 100 ұстаз

Сауалнама сұрақтарын бірнеше топқа жіктеуге болады:

1. Оқушылармен, әріптестермен, әкімшілікпен қарым-қатынас
2. МІ еңбек жағдайында оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі.
3. Әдістемелік көмек жайлы


Алғашқы топ сұрақ нәтижелерін қорытындылай келсек, ұстаздар оқушылармен қарым-қатынастарына риза (97%), әріптестерімен қарым-қатынастары жақсы (100%), яғни ұжымның моральдық-психологиялық жағдайы жақсы (97%) , әрдайым бір-біріне көмек қолын созуға даяр (100%), әкімшіліктің басқару стилі көңілдерінен шығады (99%), оқушылардың арасындағы кикілжіңді оңай шеше алады (100%)

Екінші топ сұрақтардың нәтижесі бойынша оқытушылардың 1% мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанбайды. Демек, мектеп кітапханасындағы жаңа әдебиет оларға аз. Сол себепті бұл мәселеден шығу жолын қарастырамыз

2% ұстаздар тиімді әдістемелік көмек алмайтынын мәлімдеді, шамамен бұл аттестациядан өткелі тұрған жас мамандар болу керек. Жас мамандарға көмек ретінде кеңес пен семинарлар ұйымдастыру жұмыстарын жиірек өткізетін боламыз.

Біздің ұжымның басым көпшілігі, яғни 99% музыкалық мектеп-интернатта қызмет атқаратынын мақтан тұтады. Оған дәлел, ұжымдағы жақсы қарым-қатынас, қолайлы моральдық-психологиялық ахуал, оқушылармен, әкімшілікпен жақсы қарым қатынас

Ата аналар арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы



Сауалнамаға қатысқан 4 және 9 сынып оқушыларының ата-аналар саны 57 адам. Олар 17 тұжырымнан тұратын сауалнамаға қатысты.

Сараптау нәтижесі мынадай: Ата аналардың 100% балаларының сынып жетекшілерінің жұмысына қанағаттанады. 99% адамның пайымдауынша, олардың балалары мектепке қуана барады. Оған себеп сыныптағы қолайлы атмосфера бар (96%), мектепте сапалы білім береді (99%), оқу пәндері балаларға оңай беріледі (91%), мұғалімдер балалардың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды (98%), мектепте қолданылатын оқудың жаңа тәсілдері балалардың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды (93%), педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды (яғни 97%) 23% ата аналардың ойынша балалар оқу сабақтары мен үй тапсырмаларымен шамадан тыс жүктеледі, оған себеп біздің мектеп мамандандырылған мектеп болғандықтан оқушылар таңертеңнен кешке дейін жаңа білім алып, әрдайым даму үстінде, нәтижесінде жан-жақты дамыған, мықты тұлға болып қалыптасады.


«Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын», дейді жауап берушілердің 93%, яғни мектебіміз бала – ұстаз – ата-ана деген үштікті мықты ұстанады.

Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты болғандықтан, мектептегі сабақтан тыс бағдарламасына ата аналарымыз риза (яғни 91%), тағы бір 97% «Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі», дейді.

28% ата-ана асхана жұмысымен қанағаттанбайды, шамасы ол балалардың тамақтану дағдысына байланысты. Асхана барлық санитарлық-гигиеналық нормаларға сай таза, тамақтары дәмді, көлемі балалардың жас ерекшеліктеріне сай, тойымды. Мектепте пайдалы тамақтану, салауатты өмір салты жайлы айтылып жатса да, кейбір балалар сүт тағамдарын жегісі келмейді, тез дайын болатын пицца, хот дог, фри тектес тамақ жегісі келеді, ал біз балаларымыздың денсаулығына кері әсерін тигізетін әрекетке бара алмаймыз. Бұған дәлел ретінде ата аналардың мына тұжырымын көрсете аламыз: «Менің балам мектепте қауіпсіз» (97%). Себебі таңертеңнен түске дейін оқушылар сынып жетекшісі мен ұстаздардың қарауында болса, түстен кейін тәрбиешілерге тапсырылады, 95% ата-ананың айтуынша «Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды». «Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын» дейді 90% ата-ана, ал қалған 10% бұл тұжырыммен келіспейді. Оның себептері анықталуда.

Ата аналардың 90% мектеп өміріне қатысуға ниет білдіріп, қызығушылық танытып жатқаны бізді қуантады. Келесі оқу жылына ата аналардың қатысуымен өтетін ашық есік күндері секілді іс-шараларды көптеп өткізу жоспарланып жатыр.

Оқушылардан алынған сауалнама қорытындысы



Сауалнамаға қатысқан оқушы саны: 57

Сауалнама 15 тұжырымнан тұрады

Оқушыларымыздың жауаптарды қуантарлық, 96% оқушыларымыз осы мектепте оқуға қызығатынын және өз мектептерін жақсы көріп, онда оқығандарын мақтан тұтатынын айтты. Балалардың сүйікті пәндері (93%) мен сүйікті мұғалімдері бар (99%). Және де 100% оқушы «Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады» деген тұжырыммен келісуі қуантады, яғни балалар мен ұстаздардың арасында жақсы, сенімді қарым-қатынас орнағандығын білдіреді.

83% балалар: «сабақта әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын», -дейді. Қалған балалар, шамасы мінездерінің ұяндығына байланысты пікірлерін ашық айта алмайды, ол балаларға психологпен жұмыс жасауға кеңес берілді.

«Мен өз құқығымды білемін», - дейді оқушылардың 99%ы.

89% оқушының ойынша сабақта мұғалім балалардың мінез-құлқын емес, білімдерін бағалайды.

«Мен мектепте жиі шаршаймын», - дейді сауалнамаға қатысушылардың 70%ы. Себебі балаларымыз басқа мектептермен салыстырғанда таңертеңнен кешке дейін білім алу үстінде, таңертең мектеп бағдарламасын меңгерсе, түстен кейін музыкалық бағыттағы сабақтарын меңгеруде. Интернатта жатып оқитын оқушылардың күн тәртібі, ұйқы тәртібі қалыптасқан. Ал үйде жатып оқитын балалардың ұйқы тәртібін ата аналары қатты қадағаласа жақсы болар еді.

96% оқушыларымыз оркестр, ансамбльдерге баратынын айтты.

«Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп» дейді 53% оқушы. Заң бойынша күніне 3 БЖБ, ТЖБ жұмыстарын алуға болады. Ол заң сақталады.

Келесі тұжырымдарға қарап, оқушыларымыздың мектепке, оқуға деген жақсы қарым-қатынас орнағанын, мектеп интернатта өздерін қауіпсіз сезінетінін; мектеп өміріндері іс-шараларға қызығушылық танытатынын; оқушылардың жетістіктер мен пайдалы істері назардан тыс қалмай, әр дүйсенбі күні саптық жиында ескеріліп, қошеметтеліп тұрады:

- Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы 89%

- Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар 83%

- Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасалған кезде менің жетістіктерім байқалады 96%

23% оқушылар тамақтану сапасына қанағаттанбайды, оған себеп тез дайындалатын, дала тағамдарын жегілері келеді. Бұл тарапта, балалармен салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр, бірақ әлі оң нәтиже бермеді. Жалпы қорыта келгенде «Мамандандырылған музыка мектеп-интернатының» оқушы, ата-ана, педагогтардың мектепке, оқуға деген жақсы көзқарас орнағанын байқауға болады. Ал төмен деңгейдегі жауаптар біздің қандай салаға көп көңіл бөліп, қай бағытта көп жұмыс атқару керектігін көрсетті. Ол жағын ескеріп, түзету жұмыстарын жүргіземіз.

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:

Интернет байланысының жылдамдығының баяу жұмыс жасауына байланысты және техникалық тұрғыда толық қамтамасыз етілмеуіне байланысты «Bilimai» платформасында электронды журналында мұғалімдердің электронды журналды толтыруда қойған белгілерінің уақытылы дұрыс түспеуі;

Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандартын толық көлемде орындауға, оқу үрдісі мен сыныптан тыс іс-шараларды қажетті әдістемелік деңгейде жүргізуге толық мүмкіндік жасайды. Пән кабинеттері толық жабдықталып, қажетті құралдармен қамтамасыз етілген. ҚР тәрбиеге қатысты нормативтік талаптары орындалған. Музыкалық аспаптар жыл сайын бюджеттен ақшаның бөлінуіне байланысты жаңартылып отырады, бірақ кейбір бөлімдерде аспаптарды жаңартып, толықтыру әлі де қажет.

Тәрбиенің кешенді бағдарламасы бойынша барлық бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілді. Мектептің оқу-әдістемелік жұмысының құрылымы жасалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар айқындалған, оқу-әдістемелік жұмыстардың бағыттары бойынша жұмыстар жүйеленген, барлық бағыттарының құжаттары тіркеліп жинақталған. Бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау, формативті бағалау, қалыптастырушы бағалау, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларында мереке күніне сәйкес келетін күндерді кіріктіру, белгілі себептермен сабақтан қалған оқушыларды белгілеу, вариативті компоненттер есебінен таңдалған оқу пәндері бойынша «есептелінде» белгіні қою) қатаң бақылауға алынған;

Ұсыныстар:

- Шығармашылық тұрғыда ЖОО мен шығармашылық байланыстарды нығайту, нәтиже көрсеткіштерін жоғары деңгейге жеткізу.
- Педагогтардың кәсіби дамуын қолдау;
- Өзін-өзі басқару жұмысын күшейту.

Кемшіліктер мен ескертулер	Оларды шешу жолдары
Оқушылардың мотивациясының азаюы	Мемлекеттік тілде сыныптарда оқытудың беделін арттыру, ағылшын тілі элементтерімен курстар жүргізу. Материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базаны нығайту. Педагогтердің

	кәсіби құзыреттілігін арттыру.
Республикалық деңгейлерде пәнді бойынша олимпиадаларда жетістіктерді болмауы.	Олимпиадашыларды даярлау үшін жоғары мектеп мамандарын шақыру. Проблемалық біліктілікті арттыру курстарына жолдама.
«Шебер» санаты бар педагогтардың болмауы	Педагог-шеберлердің қызметіне қойылатын жоғары талаптар, педагог-зерттеушілер жауапкершілікті өз мойнына алудан қорқады. Әкімшілікке осындай мұғалімдердің жұмысына көмек көрсету және насихаттау.
Аттестатталатын мұғалімдерді әдістемелік сүйемелдеудің жеткіліксіздігі	Техникалық құралдарды пайдалану бойынша консультациялар, практикалық сабақтар ұйымдастыру.
Екі мектептің жүктемесін балалардың бәрі көтере бермейді	Ата-аналар үшін жылына екі рет Ашық есік күндерін сабақтарға, элективті сабақтарға, сабақтан тыс іс-шараларға қатысумен өткізу.
Ата-ана тарапынан бақылаудың әлсіреуі	Ата-аналармен тығыз қарым –қатынас орнату

Қорытындысы:

Жалпы тәрбие жұмысын қорытындылай келе, 2021-2024 оқу жылы барысында өткізілген тәрбие іс-шараларын тәрбие өз мақсатын орындады, ұсынылған сегіз бағыттың барлығымен толықтай жұмыс жасалды. Тәрбие іс-шараларын өткізу барысында оқушылар жас ерекшеліктері, қызығушылықтары, ата-аналар мен оқушылардың пікірі ескерілді.

Жалпы жыл бойы оқушылармен қиындықтар болған жоқ. Балалар мектептің қоғамдық өміріне белсене қатысты. Біз барлық сынып жетекшілер мен тәрбиешілер өзекті мәселелер бойынша ата-аналарымен үнемі байланыста болды және де барлығы дер кезінде қаралып, шешіліп отырды. Сынып жетекшілер оқушылардың жатақхана тәрбиешілерімен, музыка бағытындағы және жалпы білім бөлімі пән мұғалімдерімен және ата-аналармен тұрақты немі тығыз байланысты. Мектеп психологы Аманова А.Б. үнемі оқушылармен бірге, мейірімділік қатынаста оқушылармен, ата-аналармен жиналыстар өткізіп, жеке-жеке сауалнамалар жүргізіліп, қорытындылар шығарылды.

Оқушылар да өздерін әр – қырларынан көрсете білді. Сабақ барысында қиындықтар да кездесті, бірақ олардың алдын алып отырылды. Мектепте оқушылар бір – бірімен тату қарым қатынаста.

Мықты жақтары:

1. Мектепте мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық ортаның қалыптасуы
2. Тәрбие жұмысының 8 бағыт бойынша жұмыстардың толық қамтылып, ұйымдастырылуы
3. Барлық іс-шаралардың мәліметтері әлеуметтік желілерге уақытылы жүктелуі
4. Сынып сағаттарының кесте бойынша уақытылы өткізілуі
5. Іс-шаралардың материалдық базаларының жинақталуы

Әлсіз жақтары:

1. Тәрбие жұмысы бойынша тәжірибе алмасу өнімінің аздығы, авторлық бағдарламаның жоқтығы
2. Мектебіміз музыка бағыты болғандықтан, оқушылардың көбісі конкурсқа қатысқандықтан, тәрбиелік іс-шаралар өткізуге уақытының тығыздығы

Мүмкіндіктері:

1. Атаулы даталарға оқушылардың көптеп қатысуы
2. Ашық сынып сағаттарын жиі өткізу
3. Ата-аналармен тренингтер, оқыту семинарын ұйымдастыру
4. Облыстық, қалалық мектептермен тәжірибе алмасу

Ұсыныс:

1. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы, негізінде үлгілі сынып жоспарларын баспаға ұсыну;

2. *Аталған тәрбие жұмысы тақырыбы жалғастырылсын.*

Шешімі:

- *Жас жеткіншектердің өмірге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, патриот, қайырымды, адамгершіл, еңбекқор болуға тәрбиелеу.*
- *Сынып жетекшілердің мәдени қабілетін, психологиялық, педагогикалық шеберлігін көтеру*
- *Оқушылардан өзіндік пікірі қалыптасқан, жан-жақты, жеке тұлға қалыптастыру*

Мектеп ісі нәтижелі мақсатқа құрылған тәртіппен жұмыс атқарғанда ұлтжанды, іскер, жігерлі тұлға қалыптасады. Ендеше біздің ұжымдағы ұстаз қауымының үздіксіз білім мен тәрбие берудегі шығармашылық табысқа жетудегі алар биіктері мол болмақ деп сөзімді аяқтағым келеді.

Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Мектеп өз қызметін Қарағанды облысының қаржы басқармасының 16.01.2013 жылы №11 бұйрығымен бекітілген Жарғы негізінде және білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияға сәйкес жүргізеді.
2. 2022-2023 оқу жылындағы білім беру процесін мектеп «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы; «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен, ҚР Білім Министрінің № 412 бұйрығымен; «үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен жалпы білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және таңдау пәндері бойынша негізінде жүзеге асырады
3. «Зерттеуші», «сарапшы» біліктілік санаттары, бастауыш мектепте жоғары және 1 санаты бар педагогтар – 33%.
4. «Зерттеуші», «сарапшы» біліктілік санаттары, негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан жоғары және 1 санаты бар педагогтер – 54%.
5. Педагогтер кестеге сәйкес бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін көтереді және 3 жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарында оқудан өтеді.
6. Дарынды білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін анықтау, қолдау және дамыту үшін тиімді білім беру жағдайларын жасау мақсаты болып табылатын «бейіндік мектеп» бағдарламасының арқасында жыл сайын облыстық және республикалық деңгейдегі жобалар конкурстарының лауреаттары, жеңімпаздарының саны артып келеді.
7. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 «жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын, жалпы білім беретін ұйымдарға арналған таңдау және факультативтер бойынша курстарды бекіту туралы» бұйрығы).
8. Тәрбие жұмысы білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық базамен реттеледі. Ол жүйелік, белсенділік және құндылыққа бағытталған тәсілдерге негізделген. Жұмыс оқушылардың ХХІ ғасырдың жаңа білімдерін, дағдыларын игеруіне, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерттеуге бағытталған.
9. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру МЖМБС талаптарына және үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес мектеп оқушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кеңейтілген және тереңдетілген музыкалық білім беруді көздейтін бейіндік оқытуды жүзеге асырады.
10. Сабақ кестесі «білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 05.08.2021 жылғы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының талаптары негізінде жасалады және мектептің жұмыс оқу жоспарына сәйкес келеді.
11. Білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі апталық және жылдық оқу жүктемесінің талаптарына сәйкес келеді (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен, «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта,

жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім Министрінің № 412 бұйрығы»).

12. Оқу жылының мерзімдері мен ұзақтығына, күнтізбелік жылдағы демалыс уақытына қойылатын талаптар сақталады.

13. Оқу кабинеттерін жарақтандыру 22.01.2016 жылғы №70 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады. Физика, химия, биология, информатика кабинеттері паспортталған.

14. Мектепте үшінші деңгейлі edu.kz - kar-muzik@krg-edu.kz домендік атау бар.

15. 200 орындық асхана бар.

16. Көркем әдебиеттің кітапхана қорын жинақтау кезінде «мемлекеттік ҚБ кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» ҚР БҒМ 19.01.2016 ж. №44 бұйрығымен бекітілген нормалар сақталады. Оқу қоры ҚР БҒМ 2020.05.22 №216 «орта білім беру ұйымдары үшін оқулықтар тізбесін, мектепке дейінгі ұйымдар үшін ОӘК, оның ішінде электрондық нысанда бекіту туралы» бұйрығына сәйкес оқулықтармен жинақталады.

Бағалау парағы : https://drive.google.com/file/d/1xsUxLhG5T-Ne_AmMb4wb_xjtUmP_grzD/view?usp=sharing

Бағалау парағы
«Мамандандырылған музыка мектеп – интернаты» КММ

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуінтер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	90%	3
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	85%	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	91%	3
4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	33%	3
5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	55%	4
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жабазбен жарактандырылуы	100%	5

7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу	100%	5
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	96%	5
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде	100%	5
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	71%	4
11	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	92%	5
12	Педагогтардың сауалнама нәтижелерін талдау	95%	5
13	Ата-аналардың (заңды өкілдердің) сауалнама нәтижелерін талдау	97%	5
			55

Мектеп директоры



К.Н.Илимбаев